

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ - Түрік Университеті
Жаратылыстану ғылымдары факультеті
Факультеттің Оқу-әдістемелік комитетінің
№6 ХАТТАМАСЫ

14.02.2025 ж.

Қатысқандар: комитет төрайымы, техн.ғ.к., қауымдастырылған профессор Э.Ибрагимова, мүшелері: оқу ісі бойынша декан орынбасары, аға оқытушы Б.Сарсенов, PhD, аға оқытушы Н.Шектібаев, PhD, аға оқытушы Ж.Тұрғанбаева, ХҚТУ проф. Г.Сарбаева, аға оқытушы А.Еримова, хатшы А.Е.Сержанова

Күн тәртібінде:

1. ББ білімгерлерінің оқу процесін ұйымдастыруға, сабақ беру сапасына және бағалау саясатына қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында сауалнамалар нәтижелерін талдау
2. ББ білімгерлерінің, оқытушы- профессорларының, қызметкерлердің, бекітілген академиялық адалдық қағидаттарын бұзу фактілеріне және қабылданған шаралардың әділдігіне мониторинг нәтижелерін талдау
3. Көктемгі сессия емтихан түрлерін, сұрақтарын талқылау, бекітуге ұсыну
4. Әр түрлі мәселелер
- 4.1. х.ғ.к., доцент м.а. Қ.Т.Сарбаева дайындаған «Аналитикалық химиядағы есептеулер мен талдаулар» атты оқу құралын қарап, университеттің оқу-әдістемелік комитетіне ұсыну туралы

Тыңдалды:

1. **Оқу-ісі бойынша декан орынбасары, аға оқытушы Б.Сарсенов:** 2024-2025 оқу жылының ББ білімгерлерінің оқу процесін ұйымдастыруға, сабақ беру сапасына және бағалау саясатына қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында сауалнамалар жүргізілді. Сауалнама жұмыстарының нәтижелері реттеліп, дайындалуда. Бұл мәселенің нәтижесін келесі мәжілісте қарастырып, әр кафедра бойынша талдау жасаймыз.

Шешім: Сауалнама нәтижесі келесі мәжілісте талдансын

2. **Комитет төрайымы, техн.ғ.к., қауымдастырылған профессор Э.Ибрагимова:** 2024-2025 оқу жылының қысқы сессиясында емтихан тапсырған барлық БББ білімгерлерінің алған бағаларына кафедра тарапынан талдау жасалды, жауап парақтарына деканат бекіткен комиссия мүшелері мониторинг жасады. Мониторинг хаттамасы Жаратылыстану ғылымдары факультетінің деканатына өткізілді. Сонымен қатар білім алушылардан сауалнама алынады. Сессия кезінде бекітілген академиялық адалдық қағидаттарын бұзу фактілерін анықтау кафедра меңгерушілеріне жүктеледі.

Шешім: ББ білімгерлерінің, оқытушы- профессорларының, қызметкерлердің, бекітілген академиялық адалдық қағидаттарын бұзу фактілерін анықтау кафедра меңгерушілері тарапынан қадағалансын

3. **Комитет төрайымы, техн.ғ.к., қауымдастырылған профессор Э.Ибрагимова:** 2024-2025 оқу жылының көктемгі семестрінде қабылданатын емтихан түрлері жазбаша, тәжірибелік, эссе, жоба қорғау түрлерінде қабылданады.

Кафедралардағы Білім беру бағдарламасы бойынша бітіруші білімгерлерге Кешенді емтихан пәндері алдыңғы комитет отырысында анықталған, осы пәндер бойынша сұрақтары құрастырылып, бекітуге ұсынылу қажет.

Әр кафедра меңгерушілері емтихан қабылдау түрлерін анықтап, емтихан сұрақтарын бекітуге ұсыну қажет.

Шешім: 2024-2025 оқу жылының көктемгі семестрінің емтихан түрлері анықталып, емтихан сұрақтары дайындалып бекітуге ұсынылсын
Кафедралардағы Білім беру бағдарламасы бойынша бітіруші білімгерлерге Кешенді емтихан сұрақтары дайындалып, бекітуге ұсынылсын

4. Әр түрлі мәселелер:


4.1. х.ғ.к., доцент м.а. Қ.Т.Сарбаева дайындаған «Аналитикалық химиядағы есептеулер мен талдаулар» атты оқу құралын қарап, университеттің оқу-әдістемелік комитетіне ұсыну туралы

Комитет төрайымы, техн.ғ.к., доцент Э.Ибрагимова: Әртүрлі мәселелер бойынша Экология және химия кафедрасының меңгерушісі Қ.Т.Сарбаева дайындаған «Аналитикалық химиядағы есептеулер мен талдаулар» атты оқу құралы Жаратылыстану бағытында оқитын бакалаврлар мен 7М05324 – Химия білім беру бағдарламасы бойынша оқитын магистранттарға арналған. Оқу құралында аналитикалық химия курсының мазмұны бойынша теориялық және практикалық мәселелер заманауи тапсырмалар түрінде беріліп, оларды шешуге арналған мысалдар қарастырылған. Тақырыптар соңында білімді бекітуге арналған сұрақтар мен тапсырмалар ұсынылған. Жалпы, оқу құралын дайындау барысында оқу басылымының осы түрін рәсімдеуге және мазмұнына қойылатын педагогика-психологиялық талаптар толық сақталған. Факультет кеңесінің мүшелері мақұлдап, бір ауыздан қолдау білдірді.

ХҚТУ профессоры, техн.ғ.к. Г.Т.Сарбаева: «Аналитикалық химиядағы есептеулер мен талдаулар» оқу құралы аналитикалық химия курсына оқытылатын негізгі мәселелерді тереңірек қарастыруға арналған, сапалық және сандық анализдің жалпы және жеке мәселелерін жан-жақты қарастырылған. Оқу құралы үш бөлімнен тұрады. Оқу құралында аналитикалық химияның мәселелері заманауи тапсырмалар түрінде көрініс тапқан.

Оқу құралы 6В01512-Химия, 6В01562 – Химия-биология, 7М01535-Химия (педагогикалық) білім беру бағдарламалары бойынша оқитын білімгерлерге арналған. Оқу құралы білім алушылардың ғылыми ой-өрісін дамытуға, алған білімін белсенді және шығармашылықпен қолдана білуіне жағдай жасайды.

Шешім: Экология және химия кафедрасының меңгерушісі Қ.Т.Сарбаева дайындаған «Аналитикалық химиядағы есептеулер мен талдаулар» атты оқу құралы университеттің оқу-әдістемелік комитетінде талқылауға ұсынылсын.

Оқу-әдістемелік комитеттің төрайымы:  Э.К.Ибрагимова

Хатшы:

 А.Е.Сержанова